Нұсқаулықты көру үшін QR кодын сканерлеңіз.

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ШАҢСОРҒЫШ

Орнатуды бастау алдында осы нұсқауларды мұқият оқыңыз. Бұл орнатуды жеңілдетеді және өнімнің дұрыс және қауіпсіз орнатылуын қамтамасыз етеді. Орнатқаннан кейін болашақта пайдалану үшін бұл нұсқауларды өнімнің жанына қойыңыз.

ҚАЗАҚША

A9**********

MFL69883680
Rev.03_011725

www.lg.com

Copyright © 2021-2025 LG Electronics. All Rights Reserved

МАЗМҰНЫ

Бұл нұсқаулықта сатып алған үлгіден өзгеше кескіндер немесе мазмұн болуы мүмкін.

Бұл нұсқаулықты өндіруші түзете алады.

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА БАРЛЫҚ НҰСҚАУЛАРДЫ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.....3
АБАЙЛАҢЫЗ.....3
АБАЙЛАҢЫЗ.....11

ОРНАТУ

Өнімге жалпы шолу.....14
Зарядтау станциясын орнату.....18
Қосалқы жабдықтарды сақтау.....21

Пайдалану

Алғашқы іске қосу.....23
Батареяны зарядтау.....24
Еден жуғыш саптамасын пайдалану.....26
Саптамалар мен құралдарды пайдалану.....29

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Құрылғыны тазалау.....33
Саптамаларды тазалау.....36

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Қызмет көрсетуге шақырмастан бұрын.....40

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА БАРЛЫҚ НҰСҚАУЛАРДЫ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Төмендегі қауіпсіздік нұсқаулары құрылғыны қауіпті немесе дұрыс пайдаланбау нәтижесінде туындайтын күтпеген қауіптерге немесе зақымдалуға жол бермеуге арналған. Нұсқаулар төменде сипатталғандай «**ЕСКЕРТУ**» және «**АБАЙЛАҢЫЗ**» деп бөлінеді.

Қауіпсіздік хабарлары

Бұл белгі қауіпке себеп болуы мүмкін мәселелер және операцияларға көрсетіледі. Осы белгіге ие бөлімді мұқият оқып, қауіптің алдын алу үшін нұсқауларды орындаңыз.

ЕСКЕРТУ

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда зақымдалуға немесе өлімге әкелуі мүмкін екенін білдіреді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда өнімнің аз деңгейде зақымдалуы мен бұзылуын білдіреді.

АБАЙЛАҢЫЗ

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Құрылғыны пайдаланған кезде жарылу, өрт, өлім, тоқ соғу, зақымдау немесе адамды күйдіру қаупін алдын алу үшін мыналарды қоса негізгі қауіпсіздік шараларын қолданыңыз:

Техникалық қауіпсіздік

- Бұл құрылғы физикалық, сезгіштік не ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі немесе қауіпсіздік үшін жауапты тұлға тарапынан құрылғыны пайдалануға қатысты нұсқаулар берілмесе,

тәжірибеге және білімге ие болмаған адамдар (балаларды қоса) тарапынан пайдаланылуға арналмаған. Құрылғымен ойнамауы үшін балалар бақылауда болуы керек.

- Құрылғыны ойыншық ретінде пайдалануға рұқсат бермеңіз. Балалар пайдаланған кезде немесе олардың жанында болғанда, мұқият болу керек.
- Балалардың құрылғымен ойнауына немесе оған асылуына рұқсат бермеңіз.
- Құралды қуат сымы немесе штепселі зақымдалған болса пайдаланбаңыз. Сымды ауыстыру керек. Құрылғы дұрыс жұмыс жасамаса, құлап қалса, зақымдалған болса, сыртта қалып кетсе немесе суға құлап кетсе, оны LG Electronics қызмет көрсету орталығына қайтарыңыз.
- Сымды тартпаңыз немесе одан ұстап сүйремеңіз, тұтқа ретінде пайдаланбаңыз, сымның есікке қысылып қалуына жол бермеңіз немесе сымды өткір жиектер немесе бұрыштар бойымен тартпаңыз. Құрылғыны сымның үстімен сүйремеңіз. Сымды қызған беттерден алыс ұстаңыз.
- Сымды розеткадан тартып суырмаңыз. Розеткадан суыру үшін сымды емес, штепсельді ұстаңыз.
- Тазаланатын аймақтан басқа құрылғылардың сымдарын алып тастаңыз.

Батарея

- Басқа құрылғылардың батареясын, адаптерін және зарядтау станциясын осы құрылғымен пайдалануға болмайды. Тек LG Electronics компаниясы қамтамасыз еткен батарея мен зарядтау станциясын пайдаланыңыз.
- Осы құрылғының батареясын, адаптерін және зарядтау станциясын басқа құрылғылармен пайдалануға болмайды.
- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, қуат сымын ажыратып, батареяны алыңыз.
- Өзгертілген немесе зақымдалған батареяларды пайдаланбаңыз.

- Батареяны бөлшектеуге, алуға немесе қысқа тұйықтауға болмайды.
- Құрылғыны немесе батареяны тастағанда, батареяны құрылғыдан алып, қауіпсіз жолмен утилизациялаңыз.
- Арнайы тағайындалған батарея блоктарын зарядтау мүмкін болмаған кезде ауыстырыңыз.
- Батареяны ауыстыру әдісін **Батареяны зарядтау** бөліміндегі нұсқаулардан қараңыз.
- Бұл құрылғыны қоқысқа тастағанда, қайта зарядталатын литий-ионды батареяларды тастау ережелерін сақтаңыз.
- Батареяны жою барысында барлық жергілікті ережелерді және талаптарды орындаңыз.
- Кездейсоқ іске қосылуына жол бермеңіз. Батарея блогына қосылу, құрылғыны көтеру, алып жүру алдында қосқыштың өшіп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Реттеу, керек-жарақтарды ауыстыру, құрылғыны тазалау, қызмет көрсету немесе сақтау алдында батарея блогын құрылғыдан ажыратыңыз.
- Батарея блогын пайдаланбаған кезде, оны басқа металл заттардан, мысалы, қағаз қыстырғыштарынан, тиындардан, кілттерден, тырнақтардан, бұрандалардан немесе басқа да ұсақ металл заттардан аулақ ұстаңыз, олар бір терминалдан екіншісіне қосылуға мүмкіндік береді.
- Дұрыс пайдаланбаған жағдайларда батареядан сұйықтық шығарылуы мүмкін. Бұл орын алса, қолыңызды тигізбеңіз. Байқаусызда тиіп кетсе, сумен шайыңыз. Сұйықтық көзге тиіп кетсе, қосымша медициналық көмекке жүгініңіз.
- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяларды алып тастау керек.
- Батареяны алып тастамас бұрын, бұл құрылғыны өшіру керек.
- Батареяны өнім корпусына сырт еткен дыбыс шыққанша толығымен салыңыз.

Батареяның техникалық сипаттамалары

- Бір немесе екі батарея беріледі, батареялар саны сатып алынған үлгіге байланысты өзгереді.
  - **Үлгі атауы**: EAC633822** немесе EAC637586**
  - **Түрі**: Қайта зарядталатын литий-ион батарея
  - **Номиналды қуат**: 2400 мА·сағ

Орнату

- Тоқ соғуды немесе өрттің шығуын болдырмау мақсатында, құрылғыны су, жаңбыр тамшылары немесе жоғары ылғалдылық әсер ететін орынға орнатпаңыз, зарядтамаңыз немесе сақтамаңыз.
- Құрылғыны жақсы желдетілетін орынға орнатыңыз, зарядтаңыз және сақтаңыз.
- Құрылығыны тұтанғыш газ, өндірістік май ағу немесе металл шаңдардың болу қаупі бар аймақтарда қолданудан аулақ болыңыз.
- Құрылғыны, қуат сымын немесе ашаны жылытқыш құрылғыларға немесе ашық алау көздеріне жақын сақтамаңыз немесе орнатпаңыз.
- Зарядтау станциясын берік, тегіс бетке орнатыңыз.
- Ауып кетуін болдырмау үшін тік тұратын зарядтау қондырғысы тұғырды бекіткіш бұранда, бекіткіш блок және екі бүйірлік таспаның көмегімен қабырғаға бекітілуі тиіс.
- Қабырғаға орнатылатын зарядтау қондырғысында, зарядтау станциясы берілген қабырғаға бекіткіш бұрандалардың көмегімен қабырғаға берік бекітілуі тиіс.
- Бекіткіш бұрандаларды тек бетон немесе соған ұқсас қатты беттерге жалғау кезінде пайдаланыңыз.
- Алдымен оның артындағы аймақта қуат тізбектерінің, құбырлардың, желдеткіштердің немесе кабельдердің бар не жоқ екенін тексерместен қабырғаны бұрғылауға болмайды.

- Құрылғыны 5 °C градустан төмен немесе 38 °C градустан жоғары температурада пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз.
- Құрылғыны температурасы нөлден төмен немесе сыртқы ауа-райы жағдайлары әсер ететін орында сақтамаңыз немесе орнатпаңыз.
- Құрылғыны орнату немесе жылжыту барысында, қуат сымының немесе ашаның қысылып қалмауын, сынбауын немесе зақымдалмауын қадағалаңыз.

Пайдалану

- Құрылғыны пайдаланбас бұрын барлық нұсқаулықтарды оқып, осы нұсқаулықтарды сақтаңыз.
- Тек осы нұсқаулықта сипатталғаны бойынша пайдаланыңыз. Тек өндіруші ұсынған тіркелгіні пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғы тек қалыпты ішкі тұрмыстық пайдалануға арналған. Ол басқа бір тұрмыстық емес, коммерциялық немесе өндірістік қолдану мақсатында пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы тек 100 – 240 В ~ 50/60 Гц, 0,8 ампер шығыста пайдаланылады. Құрылғы пайдаланылатын жердегі электр қуатының техникалық сипаттамаларын міндетті түрде тексеріп шығыңыз.
- Қуат сымын, ашаны немесе құрылғының басқару элементтерін су қолыңызбен ұстамаңыз.
- Сымдағы немесе ашадағы кез келген ылғалды немесе кірді құрғақ матамен сүртіп алыңыз.
- Зақымдалған болса немесе зақымдалған сым не аша сияқты бөлшектері жетіспесе не сынған болса, ешқашан бұл құрылғыны пайдаланбаңыз. Көмек алу үшін өкілетті LG Electronics қызмет көрсету орталығына немесе дилерге апарыңыз.
- Қуат сымын қатты күш салып майыстырмаңыз немесе оны ауыр заттың астына қоймаңыз, себебі ол зақымдалуы мүмкін.
- Бұл құрылғымен бірнеше шығысты адаптерлерді пайдаланбаңыз. Міндетті түрде сыйымдылығы 10 А қуат розеткасын пайдаланыңыз.

- Құрылғыны зақымдалған немесе бұзылған розеткаға енгізбеңіз.
- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын кезде қуат сымын ажыратыңыз.
- Қуат сымын зақымдамаңыз, ауыстырмаңыз, күшпен майыстырмаңыз, бүкпеңізғ тартпаңыз, қыспаңыз немесе қыздырмаңыз.
- Құрылғыны пайдаланбас бұрын кез келген сымын немесе бауын еденнен алып тастаңыз.
- Қуат сымын суырып алған кезде оның айырларына саусағыңызды (саусақтарыңызды) тигізбеңіз.
- Қуат сымын алашалармен немесе кілемдермен жауып тастамаңыз.
- Қуат ашасы түсіп қалмауы үшін қабырға розеткасына қатты басып салыңыз.
- Егер өнім суға батырылған болса, қайта пайдаланбас бұрын нұсқаулықтар алу үшін LG Electronics қызмет көрсету орталығына немесе дилерге хабарласыңыз.
- Егер өнімнен түсініксіз шу немесе иіс я түтін шығатын болса, LG Electronics компаниясының тұтынушыларға ақпараттық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тек LG Electronics компаниясының білікті техниктері немесе қызмет көрсетуші персоналы құрылғыны бөлшектей, жөндей немесе өңдей алады.
- Ешқашан құрылғы немесе зарядтау станциясының тесігіне немесе саңылауына ине, шеге немесе пышақ сияқты өткір металл заттарды енгізбеңіз.
- Бұл құрылғымен сұйықтықтарды соруға болмайды. Құрылғы ішіне немесе зарядтау станциясына су, сусындар немесе жуғыш заттың енуіне жол бермеңіз.
- Құрылғының өткір жүздерді, түйреуіштерді, жоңқаларды, өткір заттарды немесе ыстық я суық күлдерді сыпырып тартып алуына жол бермеңіз.
- Балалардың құрылғыны пайдалануына рұқсат бермеңіз.

- Құрылғыны пайдалану, зарядтау немесе жинау барысында балалардың немесе үй жануарларының оның қасында тұрына болмайды.
- Саптаманы немесе құралдарды аузыңызға салмаңыз.
- Киімді және шашты, саусақтарды немесе дененің басқа бөліктерін саңылауларға және қозғалмалы бөліктерге жақындатпаңыз.
- Құрылғыны сору кірісі немесе шығысы бұғатталған болса қолданбаңыз.
- Шаң жинағыш контейнері және сүзгілер орнатылмаған құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Бояу еріткіштен, күйеден қорғауыш заттардан, тұтанатын заттардан немесе басқа жарылғыш я уытты заттардан болатын булар жиналған жабық кеңістікте пайдаланбаңыз.
- Құрылғыдағы және зарядтау станциясындағы зарядтау клеммаларына қол тигізбеңіз немесе құрылғы ішіне не станциясына электр тогы бар затты енгізбеңіз.
- Құрылғыны мәндетті түрде, пайдаланыста болмаған кезде, тік тұратын зарядтау немесе қабырғаға орнатылатын зарядтау станциясында сақтаңыз.
- Құрылғыны қабырғаларға, орындықтарға немесе үстелдерге сүйеп қоймаңыз.
- Егер жерге тұйықтауды ажыратқыш өнімді зарядтау станциясына орнатқанда іске қосылса, құрылғыны зарядтау станциясынан дереу алып тастаңыз. LG Electronics компаниясының тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Баспалдақтарды тазалағанда өте мұқият болыңыз.
- Жылыту құрылғысын немесе тұтанатын заттарды (эфир, бензол, спирт, химиялық заттар, жанғыш спрей, инсектицид, ауа сергітуші немесе косметиканы) құрылғыға жақын ұстамаңыз.
- Сұйық заттарды (су, сусындар), иісі бар заттарды (кәмпит, шоколад, үй жануарларының нәжістері), металл заттарды (пышақтар, инелер), тұтанғыш заттарды, жанатын/түтін шығатын заттарды (темекілер, сіріңкелер немесе ыстық күл)

сурфактанттарды немесе шыны жарықшақтарды осы құрылғымен тазалап алуға әрекеттенбеңіз.

- Газ шыққан жағдайда (табиғи газ, пропан газ, т.б.), осы немесе қандай да бір басқа құрылғыны қолданбаңыз. Аймақты дереу желдету үшін терезені немесе есікті ашыңыз.
- Батарея зарядтау станциясында тұрғанда, зарядтау станциясын төңкеріп ұстамаңыз.
- Құрылғыға, әсіресе батареяға жылудың, жылыту құрылғысының немесе тікелей күн сәулесінің әсерін тигізбеңіз.
- Құрылғыны немесе оның батареясын тікелей күн сәулесі түсетін көліктің ішінде қалдыруға болмайды.
- Батареяның ішіне су, сусын немесе жуғыш құралдың енуіне жол бермеңіз.
- Батареяға физикалық күш түсірмеңіз.

Техникалық қызмет көрсету

- Зарядтау станциясын тазалау немесе оған техникалық қызмет көрсету кезінде қуат сымын желіден ажыратыңыз.
- Кіріс портын немесе шаң жинағыш контейнерді сумен немесе еріткішпен жумаңыз.
- Шаң жинағыш контейнерді тазалау үшін еріткіштерді, әрлеу сұйықтықтарын немесе ауа сергітуші құралдарды пайдаланбаңыз.
- Тұтанатын заттарды (бензин немесе еріткіш) немесе сурфактанттарды (жуғыш құрал немесе сабын) құрылғыға қолданбаңыз немесе сеппеңіз.
- Саптамаларды ұстаған соң қолдарыңызды жуыңыз. Саптама көміртек талшықтарын қамтиды, әрі аздаған тері тітіркенуін тудыруы мүмкін.

Жою

- Қаптау материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Қаптау материалдары балалардың тұншығу қаупіне әкелуі мүмкін.
- Құрылғыларды қаптамадан шығарған соң, картон, пластик сөмкені және басқа да қаптау материалдарын жойыңыз. Балалар оларды ойнау мақсатында пайдалануы мүмкін. Алашалармен, төсек жаймаларымен немесе полиэтилен жаймалармен жабылған картондар герметика камераларға айналуы мүмкін.
- Осы құрылғыны жергілікті, мемлекеттік және аймақтық заңдар мен ережелерге сәйкес жойыңыз.
- Осы құрылғыны жою алдында жергілікті қалалық кеңеске немесе қатысты үкіметтік орынға хабарласыңыз.

Еден жуғыш саптамасы

- Жалғанған еден жуғыш саптамасымен өткір заттарды (шыны бөлшектер, сым, өткір жүздер, инелер, т.б.) сорып тартқызбаңыз. Еденді жуған соң еден жуғыш төсемелерді тазалау барысында, еден жуғышқа енген өткір заттармен жарақат алуыңыз мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құрылғыны пайдаланған кезде адамдарға келетін, өнімнің немесе мүліктің дұрыс жұмыс істемеу, зақымдалу қаупін азайту үшін келесі нұсқаулармен бірге негізгі қауіпсіздік бойынша алдын ала сақтық шараларын орындаңыз:

Пайдалану

- Бұл құрылғыда қатты қызу салдарынан зақымдалудың алдын алатын ендірмелі қорғау құрылғысы бар. Егер құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланудан кейін қатты қызып кететін болса, ол автоматты түрде өшуі мүмкін. Егер осы жағдай орын алса, қуатты

іске қоспас бұрын құрылғыны салқын, жақсы желдетілетін аймақта бір сағатқа қалдырыңыз.

- Өнімнің соғылуына немесе оның ауып кетуіне жол бермеңіз.
- Ылғал немесе сулы сүзгілерді орнатпаңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін әрдайым жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Өнімді ұшпа немесе органикалық еріткішпен (сұйылтқыш немесе ацетонмен) тазаламаңыз.
- Ұзақ уақыт бойы бір орынды бірнеше рет тазаламаңыз. Бұл кілемнің немесе еденнің бетін зақымдауы мүмкін.
- Құрылғыны немесе зарядтау станциясын бөлшектеу барысында саусақтарыңызды қысып қалатын аймақтардан сақтаңыз.
- Зарядтау станциясын қабырға қағазына бекіту үшін екі бүйірлік таспаны пайдаланбаңыз. Зарядтау станциясын бекіту үшін берілген бұрандаларды пайдаланыңыз. Зарядтау станциясы мен құрылғы салмағы қағазды зақымдауы мүмкін.
- Циклонды тор сүзгіні күшпен қолданбаңыз немесе қандай да бір күш түсірмеңіз.
- Пайдалану барысында батареяны алып тастамаңыз.

Еден жуғыш саптамасы

- Еден жуғыш саптамасын үй еденін тазалаудан басқа мақсатта (мысалы, көлікке өң беру, терезелерді тазалау үшін) пайдаланбаңыз.
- Еден жуғыш саптамасын сұйықтықтарды (су, сусын) сорып алу үшін пайдаланбаңыз.
- Еден жуғыш саптамасын пайдаланған кезде, міндетті түрде еден жуғыш төсемені жалғаңыз.
- Қапталған, қатты немесе нәзік алынбалы еденді және кілемдерді еден жуғыш саптамасымен саптамамен тазаламаңыз.
- Еден жуғыш саптамасын бір нүктені қайта-қайта ұзақ уақыт бойы тазалау үшін пайдаланбаңыз. Еден жуғыш саптамасына судың енуі нәтижесінде су шаң жинайтын кіріске жетіп, құрылғыны зақымдауы мүмкін.

- Еден жуғыш саптамасын аяқпен баспаңыз.
- Ылғал едендер тайып құлау қатерін тудырады. Кез келген адамның еденнің үстінде жүруі алдында оны толық кебуіне мүмкіндік беріңіз.
- Құрылғыны су толтырылған су ыдысы еден жуғыш саптамасына жалғаулы күйде сақтамаңыз.


ОРНАТУ

Өнімге жалпы шолу

Осы нұсқаулықтағы кескіндер өнімді жақсарту мақсатында өндіруші алдын ала ескертусіз өзгертуге болатын нақты құрамдастар мен керек-жарақтардан өзгеше болуы мүмкін.

Алдыңғы көрініс

*1 Бұл мүмкіндік кейбір модельдерде ғана бар.



❶ Зарядтау станциясы

❷ Қосалқы зарядтау станциясы

❸ Батарея (Қос батарея*1)

❹ Өнім корпусы

❺ Ұзартқыш түтік

❻ Саптама

❼ Тік тұратын док-станция

❽ Тік тұратын құбыр

❾ Адаптер

❿ Алынбалы саптама сақтау орны*1

⓫ Құрал ұстағыштары

⓬ Ауа Сүзігісі


⓭ Алдын ала тазалау сүзгісі

⓮ Циклонды тор сүзгі

Қосалқы жабдықтар

*1 Бұл аксессуар тек кейбір модельдерде қол жетімді.

Қосалқы жабдықтары қамтылған



❶ Зарядтау станциясы

❷ Ұзартқыш түтік

❸ Адаптер


❹ Алдын ала тазалау сүзгісі

❺ Батарея (Қос батарея*1)

❻ Тік тұратын док-станция*1

❼ Тік тұратын құбыр*1


Негізгі керек-жарақтар



❶ Қиыстыру құралы

❷ Құысты тазалау құралы

Саптамалар




❶ Көп беттерге арналған саптама*1

❷ Еденге арналған жіңішке электр жетегі*1

❸ Төсекке арналған саптама*1

❹ Үй жануарларына арналған саптама*1

Орнату жинағы



❶ Қабырғаға бекіткіш блок*1


❷ Екі бүйірлік таспа*1

❸ Гипс-картонға бекіткіш*1

❹ Қабырғаға бекіткіш бұранда*1

❺ Тұғырды бекіткіш бұранда*1

Құралдар мен қосалқы жабдыққа арналған сөмке



❶ Күрделі шаңды тазалау құралы*1


❷ Матрасты тазалау құралы*1

❸ Көп бұрышты тазалау құралы*1

❹ Иілгіш қуысты тазалау құралы*1

❺ Иілгіш ұзартпалы құбыршек*1

Еден жуғыш жинағы



❶ Еден жуғыш саптамасы*1

❷ Алынбалы саптама және еден жуғыш төсемелерді сақтау орны*1

❸ Жалпы тазалауға арналған еден жуғыш төсемелері*1

❹ Өлшеу қақпағы*1

ЕСКЕРТПЕ

- Еден жуғыш төсемелерін, батареяларды, ауа сүзгісі және алдын ала тазалау сүзгісін уақыты келе ауыстыру қажет болады. LG Electronics тұтынушыларға қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.

Техникалық сипаттамалар

Құрылғы

Үлгі	A9N*********
Өлшемдер (ені X тереңдігі X биіктігі)	260 мм x 270 мм x 1120 мм
Салмағы	Шамамен 2,7 кг
Қуатты тұтыну	**Турбо режимінде** 370 Вт (максималды 480 Вт) **Қуат режимінде** 250 Вт **Қалыпты режимінде** 80 Вт

Батареяның іске қосу уақыты (Екі батарея пайдалану)	**Саптамамен пайдалану**[*1] **Турбо режимінде** 12 минутқа дейін **Қуат режимінде** 22 минутқа дейін **Қалыпты режимінде** 80 минутқа дейін	**Құралмен пайдалану** **Турбо режимінде** 12 минутқа дейін **Қуат режимінде** 22 минутқа дейін **Қалыпты режимінде** 100 минутқа дейін
Батареяның іске қосу уақыты (Бір батарея пайдалану)	**Саптамамен пайдалану**[*1] **Турбо режимінде** 6 минутқа дейін **Қуат режимінде** 11 минутқа дейін **Қалыпты режимінде** 40 минутқа дейін	**Құралмен пайдалану** **Турбо режимінде** 6 минутқа дейін **Қуат режимінде** 11 минутқа дейін **Қалыпты режимінде** 50 минутқа дейін

- Өлшемдері жиналған өнім корпусы, ұзартқыш түтік және саптама үшін берілген.
- Сору күші тәуелсіз сынақ өткізетін зертхана арқылы тексерілген IEC 62885-2, 5.8 стандартына сәйкес келетін, сору күшінің орташа мәні. Жеке өлшенген деректер зертханада тексерілген нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.
- Батареяның іске қосу уақыты LG Electronics сынақ стандартына сәйкес толық зарядталған батарея нәтижесі. Нәтижелер нақты пайдалану ортасы мен пайдалану кезеңіне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

*1 Саптама саптаманың тазалағыш басын тікелей айналдыратын тікелей жүргізетін мотордан тұрады.

Зарядтағыш адаптер


Кіріс	100–240 В ~ 50/60 Гц, 0,8 А
Шығыс	29,4 В⎓, 1,0 А

Зарядтау станциясын орнату


Тік тұратын құрылғыны орнату

Зарядтау станциясын қатты және тегіс еденге орнату үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1 Тік тұратын док-станцияны қатты және тегіс еденге орнатып, тік тұратын құбырды бекітіңіз.




2 Қуат сымын тік тұратын құбырдың артқы жағындағы сым ұстағышқа ❶ мұқият бекітіңіз.




3 Алынбалы саптама сақтау орнын тік тұратын құбырға сырғытып жіберіңіз.


- Қуат сымы еден жуғыш төсемелерді сақтау орнының артында қысылып қалмағанына немесе шатасып қалмағанына көз жеткізіңіз.



4 Зарядтау станциясын тік тұратын құбырдың үстіне құрастырыңыз.




5 Қуат адаптерін зарядтау станциясының артындағы портқа қосыңыз.




6 Қабырғада тесік бұрғылап, қажет болса, гипс-картон бекіткішті ❷ енгізіңіз.

- Бұрғыламас бұрын қажетті орында қабырғаның ішінде құбырлар немесе электр сымдары жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

- Гипс-картонға бекіткіш үшін: 1/4 дюйм (6,5 мм) бұрғыны пайдаланыңыз
- Бетон немесе қабырға тұғыры үшін: 1/8 дюйм (3 мм) бұрғыны пайдаланыңыз
- Егер гипс-картонға бұрап енгізетін болсаңыз, гипс-картонға бекіткіштерді пайдаланыңыз.




7 Зарядтау станциясының қабырғаға бекіткіш блогын ❸ туралап, бекіту бұрандасын ❹ толық қатайту арқылы зарядтау станциясын қабырғаға бекітіңіз.



8 Қуат сымын розеткаға енгізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ


- Зарядтау станциясын қалауыңызша алуға болады. Оны алып тастау үшін тік тұратын док-станцияны берік ұстап, зарядтау станциясынан тартып алыңыз.



Құрылғыны бекіту үшін екі бүйірлік таспаны пайдалану


1 Қабырғаға бекіткіш блокты ❶ зарядтау станциясына бекіту үшін екі бүйірлік таспаны ❷ пайдаланыңыз.

- Қабырғаға бекіткіш блокқа бекітпес бұрын, екі бүйірлік таспаның ортаңғы бөлігін алыңыз.



2 Екі бүйірлік таспаның екінші бөлігін қабырғаға бекіту үшін қабырғаға бекіткіш блоктың екінші жағына бекітіңіз.

- Екі бүйірлік таспаны қабырға қағазына пайдаланбаңыз.



Қабырғаға орнатылатын зарядтау қондырғысы

Қабырғаға орнатылатын зарядтау қондырғысы үшін, зарядтау станциясы берілген (қысқа) қабырғаға бекіткіш бұрандалардың көмегімен қабырғаға берік жалғануы тиіс.


- Алынбалы саптама сақтау орны зарядтау станциясына қабырғаға орнатылатын зарядтау қондырғысына бекітілмейді.

1 Қуат адаптерін зарядтау станциясының артындағы портқа қосыңыз.


2 2 тесік бұрғылап, гипс-картонға бекіткіштерді (қажет болса) еденнен кемінде 1 м және розеткаға жеткілікті оңай жететіндей етіп салыңыз.

- Бұрғыламас бұрын қажетті орында қабырғаның ішінде құбырлар немесе электр сымдары жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Гипс-картонға бекіткіш үшін: 6,5 мм бұрғыны пайдаланыңыз
- Бетон немесе қабырға тұғыры үшін: 3 мм бұрғыны пайдаланыңыз

- Гипс-картонға бұрап енгізетін болсаңыз, гипс-картонға бекіткіштерді пайдаланыңыз.



3 Зарядтау станциясын қабырғаға бекіткіш бұрандалармен қабырғаға жалғаңыз.



4 Қуат сымын розеткаға енгізіңіз.


Шағын қондырғы

Қауіпсіздік және ыңғайлылық үшін, зарядтау станциясын тік тұратын немесе қабырғаға орнатылатын зарядтау қондырғысы арқылы орнатыңыз. Егер зарядтау станциясын орнатқыңыз келмесе, оны зарядтау немесе сақтау үшін тегіс еденге қойыңыз.

1 Қуат адаптерін зарядтау станциясының артындағы портқа қосыңыз.

2 Зарядтау станциясын қатты және тегіс еденге қойыңыз.

3 Құрылғыны зарядтаудан немесе сақтауға қоюдан бұрын ұзартқыш түтік пен саптаманы өнімнің корпусынан ажыратыңыз.



4 Қуат сымын розеткаға енгізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Құрылғыны тегіс еденге ұзартқыш түтікпен және жалғанған саптамамен ұзақ уақытқа қалдыру салдарынан құрылғы зақымдалуы мүмкін.

Қосалқы жабдықтарды сақтау

Құралдарды сақтау

Зарядтау станциясының төменгі бөлігінде қиыстыру құралы, қуыстарды тазалау құралы және тазалау щеткасы сияқты жиі қолданылатын құралдарды сақтаңыз.


- Қиыстыру құралын және қуысты тазалау құралын құрал ұстағышқа сырғытыңыз.
- Құралды алу үшін, құралдың алдыңғы жағындағы босату түймесін басыңыз.



Саптамаларды сақтау

Саптаманы пайдаланбаған жағдайда, оны шағын алынбалы саптама сақтау орнына қойсаңыз, оны табу оңай болады.

- Саптаманы сақтау қысқышы **Еденге арналған жіңішке электр жетегімен** немесе **Төсекке арналған саптамамен** үйлесімді.




Құрылғыны бөлшектеу

Құрылғыны қауіпсіз бөлшектеу үшін мына қадамдарды орындаңыз.


1 Ұзартқыш түтікті ❸, саптаманы ❹ немесе құралды өнім корпусына ❶ берік бекітіңіз.

- Ұзартқыш түтікті алып тастау үшін ұзартқыш түтікті босату түймесін ❷ басыңыз.



2 Өнім корпусын зарядтау станциясына орнатыңыз.

- Батареяны орнату және зарядтау туралы нұсқауларды **Батареяны зарядтау** бөлімінен қараңыз.



Еден жуғыш төсемелерін сақтау

Алынбалы еден жуғыш төсемелерін сақтау орнында 2 еден жуғыш төсемеге дейін сақтауға болады.

- Еден жуғыш төсемелерін толық құрғақ күйде сақтаңыз. Әйтпесе жағымсыз иіс шығуы мүмкін.



Пайдалану

Алғашқы іске қосу

Құрылғыны пайдаланбас бұрын


- Көтерілген бетті тазалау кезінде құрылғының төменгі жағын тіреп тұрыңыз.
- Жылтыратылған едендерде сызат түспеуі үшін, құралдарды, щеткалар мен роликтерді шаштан, топырақтан, құмнан немесе абразивті заттардан тазалаңыз.
- Құралды пайдаланбас бұрын ауа сүзгісі және алдын ала тазалау сүзгісі дұрыс жиналғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны пайдаланбас бұрын, шаң жинағыш контейнер қақпағын дұрыс жабыңыз. Егер шаң жинағыш контейнер қақпағы ашық қалса, сору күші нашарлауы және тазалау нәтижелеріне әсер етуі мүмкін.
- Құрылғыны зарядтау станциясында сақтаңыз немесе пайдаланылмаса, оны еденге қойыңыз. Құрылғының қабырғаға немесе орындыққа жіберілуі нәтижесінде құрылғы ауып кетсе, өнімінің зақымдануына немесе адамның жарақаттануына әкелуі мүмкін.
- Температура мен ылғалдылық сияқты қоршаған орта шарттары құрылғы ішінде статикалық электр тогының жиналуына себеп болуы мүмкін. Мәселе шешілмесе, LG Electronics компаниясының тұтынушыларға ақпараттық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғыны пайдаланбас бұрын, міндетті түрде шұлық сияқты бөгде заттарды алып тастаңыз. Кіріс порттағы немесе ұзартқыш түтіктегі бөгде зат құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болады.
- Батарея уақытының ұзақтығы 5 °C-ден төмен немесе 38 °C-ден жоғары температураларда пайдаланылған болса, қатаң түрде нашарлауы мүмкін болғандықтан, қалыпты бөлме температурасында өнімді пайдаланыңыз.
- Батареяның жұмыс істеу уақыты беттің түріне және сору күшіне байланысты.
- Едендерді, кілемдерді және алашаларды тазалау кезінде өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.
- Батареяның жұмыс істеу уақыты туралы мәліметтер алу үшін **Техникалық сипаттамалар** бөлімін қараңыз.

Тіркемелерді жинау

Саптамалар мен құралдар не өнім корпусына немесе ұзартпалы таяқтың ұшына бекітіледі.


1 Толық зарядталған батареяны ❶ өнім корпусындағы тұтқаның астыңғы жағындағы қуысқа салып, сырт еткен дыбыс шыққанша итеріңіз.

- Батарея дұрыс салынбаса, құлап, істен шығуы немесе жарақаттауы мүмкін.




2 Саптамаларды, құралдарды немесе ұзартпалы таяқты олар орнына сырт етіп түскенше, корпустағы кіріске ❷ сырғытып бекітіңіз. Саптамалар мен құралдарды ұзартпалы таяқтың ұшына ❷ бекітуге болады.

- Қосалқы жабдықтарды босату түймесін басып ажыратыңыз ❸.



3 Құбырдың артқы жағындағы ұзындықты реттеу түймесін ❹ басып және ол қалаған ұзындықтағы орында сырт етіп бекітілгенше сырғытып ұзартылатын құбырды реттеңіз.

- Ұзартқыш түтікті төрт жолмен ұзартуға болады.




4 **Қалыпты** режимін белсендіру үшін **КУШ** түймесін басыңыз.

- Құрылғыны өшіру үшін **КУШ** түймесін қайта басыңыз.

Сору күшін реттеу

Тұтқадағы сору күшін реттеу түймесінің көмегімен сору күшін реттеңіз.



❶ **КУШ түймесі**

- Құрылғыны қосу немесе өшіру үшін **КУШ** түймесін басыңыз.
- **Қалыпты** режимді белсендіру үшін **КУШ** түймесін басыңыз.

❷ **Сору күшін арттыру (+) түймесі / Турбо режим**

- Сору күшін арттыру үшін «+» түймесін басыңыз. (**Қалыпты⟶Қуатты⟶Турбо**)
- **Қуат** режимінен **Турбо** режимін белсендіру үшін «+» түймесін 3 секундтан артық басып тұрыңыз.

❸ **Сору күшін азайту (-) түймесі**

- Сору күшін азайту үшін «-» түймесін басыңыз. (**Турбо⟶Қуатты⟶Қалыпты**)

Батареяны зарядтау


Батареяны зарядтау алдында

- Адаптердің зарядтау станциясына да және розеткаға да жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Бір батареяны толық зарядтау үшін әдетте 4 сағат қажет. Негізгі және қосалқы батареяларды зарядтау үшін екі есе көп уақыт қажет.
- Батарея үй температурасы 5 °C градустан төмен болса зарядталмайды. Батареяны тек 5 °C – 38 °C градус аралығындағы температурада зарядтаңыз.
- Батареяны уақыты келгенде ауыстыру керек болады. Батареяның техникалық сипаттамаларына байланысты жұмыс уақыты құрылғыны ұзақ уақыт бойы айдаланғаннан кейін қысқартылады.
- Егер негізгі батарея зарядтау станциясында зарядталып жатса, қосалқы батарея негізгісі толық зарядталғаннан кейін ғана зарядтала бастайды.
- Қос батареялы үлгілерде батареяның қызмет ету мерзімін мейлінше ұзарту үшін, екі батареяның орналасуын негізгі корпус пен қосалқы зарядтау станциясы арасында ауық-ауық өзгертіп отырыңыз.

Батарея деңгейінің көрсеткіші

Қалған батарея деңгейі өнім корпусының жоғарғы жағында батарея деңгейінің көрсеткішінде ❶ көрсетіледі.

- Қалған батарея деңгейі батареяның қалған қуатына сәйкес 3 қадамда көрсетіледі.
- Батарея деңгейінің көрсеткіші батарея зарядтауды қажет еткенде жыпылықтайды.
- Өнім зарядталып тұрғанда, заряд деңгейін көрсететін батарея деңгейінің көрсеткішіндегі 3 жолақтар жанып тұрады.
- Батарея толық қайта зарядталған соң, 3 жолақ батарея деңгейінің көрсеткішінде жанып тұрады.




Өнім корпусын зарядтау

Құрылғыны зарядтау станциясына қою арқылы батарея автоматты түрде қайта зарядталады.

1 Құрылғыны өшіру үшін **КУШ** түймесін басыңыз.

2 Өнім корпусын зарядтау станциясына зарядтау станциясының ілгішіне ❶ оны туралап қойыңыз.
- Батарея деңгейінің көрсеткіші жыпылықтауды бастап, батарея зарядталуды бастайды.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Міндетті түрде өнім корпусын зарядтау станциясына қауіпсіз орнатыңыз. Егер құрылғы зарядтау станциясынан ауып кетсе, нәтижесінде жарақттануға, мүлікті зақымдалуына немесе өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.


Қосалқы батареяны зарядтау

Қосалқы батарея зарядтау станциясының негізінде сақталады және зарядталады.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Жарақат алмас үшін батареяны өнім корпусына немесе зарядтау станциясына құрастыру немесе бөлшектеу кезінде саусақтарыңызды қысып қалатын жерлерге жақындатпаңыз.

1 Заряды таусылған батареяны өнім корпусынан батареяның басқа жағындағы батареяны босату түймесін басып әрі тарып алу арқылы алып тастаңыз.



2 Заряды таусылған батареяны қосалқы зарядтау станциясына салыңыз.
- Батарея қуысқа тек дұрыс туралаңған болса бекітіледі.
- Қосалқы зарядтау индикаторы қайта зарядтау орындалып жатқанда жыпылықтайды.
- Зарядтау аяқталғанда қосалқы зарядтау индикаторы жанады.



Еден жуғыш саптамасын пайдалану


Еден жуғыш саптамасын пайдалану алдында

- Еден жуғыш төсемелері тек өнім корпусында орнатылған сору күшінің параметріне қарамастан бір жылдамдықта айналады.
- Өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін, еден жуғышқа бекітілетін жайма жаймада кептеліпген бөгде заттар болса немесе ол күшті әсерге ұшыраса, автоматты түрде тоқтатылады. Құрылғыны дереу өшіріп, қайта пайдаланбас бұрын бөгде заттарды немесе кептелген заттардя дереу алып тастаңыз.
